

Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2016 жылғы 1 сәуірдегі № 15 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 5 мамырда № 6318 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 15 наурыздағы № 185 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 15.03.2018 № 185 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексі 386-бабының 5-тармағына, 444-бабының 1-тармағына сәйкес Әуликөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланыл-майтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланыл-майтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 2 наурыздан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

*Кезектен тыс сессияның
төрағасы, аудандық
мәслихаттың хатшысы*

Д. Қойшыбаев

"Әуликөл ауданы әкімдігінің
жер қатынастары бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы
_____ Бекмурзин А.Т.

Әуликөл ауданы бойынша
мемлекеттік кірістер
басқармасының басшысы
_____ Нұрахметова Г.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК